

Көшпелі түркімендердің органикалық интеллектуалы Отман Баба

Аңдатпа. Мақалада Осман империясының қоғамдық құрылымы органикалық интеллектуал тұжырымдамасы бойынша үш топқа жіктеліп, оларға салыстырмалы талдаулар жасау арқылы зерделенген. Отман баба бейнесін талдау арқылы көшпелі түркілердің интеллектуалдық ерекшелігі айқындалған.

Осман империясы кезіндегі қоғамда үш негізгі бағыттағы топқа сәйкес келетін, үш түрлі көзқарастағы зиялы топтар болғанын айтуға болады. Біріншісі бұл билеуші топтың интеллектуалдары еді. Бұл дербес блоктың зияткерлері, алғашқы күндерден шейхтар ретінде танылған, исламның суниттік бағытын ұстанушылар болды. Бұл зияткерлер тарихи трансформациядан өтіп, гұлама ретінде қалыптасты. Екінші бір зияткерлер тобы ретінде, ең кең таралған топ қалалық қолөнершілерді және осы сала жұмысшыларын танытушы ахилерді айтсақ болады. Ахилердің идеологиясын түсіндіру қиын, бұлар тек ислам дініндегілер және біршама исламның суниттік бағыты деуге болады. Үшінші зияткерлер тобы болса қоғамдағы ең төменгі қабатқа жататын көшпелі түрікмендердің (иөрүк) интеллектуалы болған абдалдар еді. Әртүрлі көзқарастағы үш негізгі топ зияткерлері ерекшеліктерін органикалық интеллектуал ұғымы арқылы түсіндіруге болады. Көшпелі түрікмендердің органикалық интеллектуалын түсіндіретін ең жақсы мысал ретінде Отман Баба бейнесін айтуға болады. Өкінішке қарай, бұрын бұл тұрғыда шейх Бедреддин саналатын. Османдық үстемдікке ие болған блоктың зияткерлері бір салмақты құбылыс ретінде республика дәуірінде де өз болмысын жалғастырған еді. Мен бұл интеллектуалдарды шөгілген, тортасы алынған интеллектуал ұғымымен анықтаймын.

Түйін сөздер: органикалық интеллектуал; ахилер; шөгілген интеллектуалдар; шейхтар; гұламалар; түрікмен-иөрүктер; абдалан-й-румилер; фүтүбет әдеби.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2021-136-3-160-175>
Түсті: 20.07.2021 / Жарияланымға рұқсат етілді: 03.08.2021

Кіріспе

Орта Азия халқының Анадолы жеріне миграциясы қысқа бір уақытта орын алмады. Анадолыға көш біртіндеп жалғасты. Ашықфазадениң 1474 жылы жазылған «Тарихында», Анадолы қоғамына көшіп келгендерді жолаушы (мусафирин) ретінде түсінгенін келтіреді. Мусафирин –

жолаушылар, қонақтар, Орта Азия, Хорасан, Азербайжан жақтардан келген халықтар. Жолаушылардың арасынан абдалан-й-румилер, ахилер, ғазияндар және башиандар табылды. Бұл көпшілікті бұқара мағынасында қарастырсақ, онда олар түрікмен көшпенділерін білдіреді. Бұлар әуелде Азербайжан, Хорасан жерлеріне орнығып, біраз уақыттан кейін саяси келісімдерге

байланысты Анадолыға көшіп келді. Бұл саяси келісімдер әрі өмір сүрген жерінде, әрі жаңа көшіп, қоныстанған жерінде де сақтала берді. Мысалы, Измир аймағына орналасқан көшпелі түрікмендер бұл кезде Балкан жеріне, Варна аймағына қоныстанған еді. Көшпелі түрікмендердің көптеген бөлігі Торостар, Батыс және Солтүстік Анадолының жоғары, биік жайлауға ұқсас жерлеріне қоныстанған. XIV ғасырда Шығыс Балкан тауларына, Долю орман жайлаулары мен Добружа провинциясына жаңа бір қарқынды көш пен қоныстану орын алды. Бұл көшпелі түрікмендер, негізінен кедей шопандар болды. Экономикалық жағынан мал шаруашылығымен айналысты, ірімшік, май өндірумен, жүн, тері өңдеумен айналысып күнін көрді. Бұл өнімдер саудагерлер көмегімен қалаларда сатылды. Бұл көшпелі түрікмендер шет аймақтарға қоныстануы, жұмыс және өмір шарттарының қиын болуына байланысты кедейлене бастады. Бұлар өмір сүру мен «газа» үшін шекараларға келді және «газайаға» бірінші боп бастаған қаһармандар болды. Газа – ислам дінін қорғау немесе жаю мақсатында мұсылман еместерге қарсы соғыс.

Бұл қаһармандар қоныстанған жерінде қолда барына, тапқандарына қанағат етті. Бұл қаһарман жауынгерлер мен көшпелі түрікмендердің мырзалары шет аймақтардағы бейлермен жақсы араласты. Мысалы, Дон үш мырзасы Михалоғлы Али бейдің қызметінде жауынгер ретінде жұмыс істегендері белгілі еді [1].

Шет аймақтарда өмір сүру өте қауіпті еді. Өйткені әуелден қоныстанған түрікмендердің қарсысында дәл соған ұқсас рухани halде Христиан **шекаралық** ұйымдасуы өмір сүрді. Және шет аймақтарға қоныстану қызықты бір этникалық құрылым және әлеуметтік страталарға, жіктерге сүйенеді. Бұл жерге орталықтан қашқан саяси оппозиция, рафизилер, қызық қуғандар қоныстанды. Бұл құбылыстың азаматтық қоғамға ықпалы мынадай түрде болды: ішкері жақта дербес болған консерваторлық жоғары мәдениет формалары, теологиялық, сарай әдебиеті,

шариғат құқығы орын алады. Ал бастапқы қоғам эклектикалық жүйелері жоқ, бір халық мәдениетінен, рафизи тариқаттардан, бір мистикалық және эпикалық әдебиеттен, бір әдеп-ғұрып құқығынан түзілген қоғам еді.

Османдықтар да бір түрікмен шет аймақтар мырзалығына ұқсас мазмұнға ие болды. 1302 жылдың 18-27 тамызында Византия мемлекетінің қарсысында Бапхеуске қарсы (Koyunhisar) жеңіске жеткен Осман Ғази бір үлкен атақ-даңққа ие болады. Бұдан кейін саяси және әскери күштің танылуы қалыптасты. Бұл атақ-даңқ жоғарыда анықтағанымдай саяси ықпалмен тағы жаңа көшке, миграцияға жол ашты. Тек қарапайым адамдар, қолөнершілер ғана емес, қаһармандар да Осман Ғазидің айналасына топтасты. Монғолдар мен Византия арасында қыспақта болған және өздерін көптеген уақыт қауіпсіздікте сезінбеген халықтар, тайпалар Осман Ғазидің бақылауындағы территорияларға миграция жасады. Бұнда әрі нақты бір адам басшылығында бірігуге, күшті бір зияткерлік орталықты қайта құруға жол ашылды. Бұл зияткерлік топ негізі бар үш категорияға жіктелді: абдалан-й-румилерге, ақилерге және шейхтарға. Abdalan-ı Rum, Анадолыға келген төрт дәруіштің бірі. Абдалдар Орта Азиядағы бақсыларға ұқсас кісілер. Киімдері де бақсыларға ұқсас келеді. Басып алмастан бұрын осы кісілерді жіберіп сол жақтағылардың көңілдерін табатын болған. Османдықтардың орталық бюрократиялық жүйесінде негізгі салық көзі болып шаруа реайалы топтар құрылады. Олар – Осман империясында басқарушыға бағынышты халық. Негізінен Танзиматтан бұрын Осман империясының мұсылман емес халқын реайа деп атаған. Бұл салық көзін қорғау үшін, олар әр істен қашпайды; мысалы, тау коридорларын бақылаудың астында ұстау деревенджілік миссиясын туғызды. Деревенджи Османлы империясының ең маңызды және ірі әскери қосалқы полиция бөлімдері болды, әдетте маңызды жолдарды, көпірлерді, фордтарды немесе тау асуларын күзетуге жауап берді. Бұған ұқсас көпір және қамалдардың ғимаратын салу үшін,

тау ісіне ұқсас салалардағы жұмыстарға алу үшін шаруа реалар қуғындалмады. Бұл істерде, олар «дайын еңбек хауызы ретінде көрінген» түрікмен-йөрүктерді пайдаланды. Бұл түрікмен-йөрүктер бір жағынан әскер ошақтары ретінде де ұйымдастырылды.

Зерттеу әдіснамасы және әдістері

Осман империясының қоғамдық құрылымы италиялық философ Антони Грамшидың органикалық интеллектуал тұжырымдамасы арқылы үш топқа – абдалан-й-румилерге, ақилерге және шейхтарға жіктеліп, оларға салыстырмалы талдаулар жасау арқылы зерделенген. Осман баба мен Фатих арасындағы сұхбатқа герменевтикалық талдау жасау арқылы көшпелі түркілердің интеллектуалдық ерекшелігі айқындалған.

Талқылау

Осман империясындағы қоғам құрылымының күрделі болғаны туралы айтуға болады. Бір жақтан басқарушы тап және оларға бағынышты орталықтық бюрократия бар. Бұл топтың интеллектуалдық танылуы саяси беделден нұсқау алушы және кеңес беруші шейхтар тарапынан болды. Екінші басқа тарап салық көзі ретінде саналған шаруалар болатын. Салық табысының төмендемеуі үшін шаруалар солай қалдырылады. Бұл шаруалар басқарушы таптың әрекетті тұлғасы шейхтарға байланысты сунниттік сенімде болуы керек.

Қалаларда қолөнершілер, өздерін ақи ұйымдарымен сондай бір жақсы дәрежеде ұйымдастыра алды. Ахилик, Ахи Евран тарапынан құрылған бір бағыт. XIII-XVII ғасырларда Селжұқтар мен Осман империясы тұсында Анадолыда өмір сүрген, қолөнерші және саудагерлерден құралған топ. Өздеріне тән әдептері бар және мамандық бойынша білім берген. Керек кезде әскер де болған. Бұл топтың басшысын Ахи деп атаған. Олар ығни да ақиқат үшін көтеріліп отырған және саясатқа ықпал еткен. Әрбір қолөнер саласының ақилық ұйымының болуымен

Ыстамбұлдың ең қарқынды еңбектік жиынтықталуы танылады. Қолөнерші топтың зияткерлігі ақи бабалардан бастау алады.

Бұдан басқа түрікмен көшпелілерін атап көрсетуге болады. Бұл пақыр шопандар, шет аймақтарда қоныстанып және қоғамның сыртқа тасталған бір жігі, қабаты ретінде құрылды. Бұл топтың интеллектуал дүниесі Орта Азия мәдениеті мен дінінің бір бөлігі ретінде мұсылмандықпен байланысты болды. Бұл бөліктің интеллектуалдық танылуы абдалан-й-румилер арқылы болды.

Кедей көшпелі түрікмендер іс кәсібінің бір түрі де әскер болу еді. Бұл әрі соңғы бейлердің, әрі орталық басқарудың әскери мұқтаждығын қанағаттандыру үшін көшпелі түрікмендерге қолданған саясаты еді. Бұл батырлар өз ішінде, қоғамның зиялы өкілдері болып танылған абдалдармен бірлікте рухани байланыстарды құрды. Тиісінше, абдалдардың жанында мүрит батырлар орын ала білді. Соғысқұмар қаһармандарға, батырларға ұқсас абдалдар да соғыстарда өз-өзіне жауап берерліктей, маңызды орынға ие болды. Алғашқы кезеңдерде абдалдардың орталығы билеушілермен бір деңгейде болса да, ол уақыт өте келе әлсіреді және көшпелі түрікмендермен бірге орталық биліктің бірігу нүктесі, батырлық негізінде құрылды.

Ол кезде, басқарушы топта болған лауазымды кісілер және олардың орталық бюрократиясының интеллектуал қайнар көзі саяси авторитеттің жанында өзіндік орыны бар, бастапқыда Векташи және Вефаи дәруіштеріне ұқсас, солай болғаны үшін де, олар билеушінің ақыл иелері мен тірек элитасын қалыптастырушы дәруіштерге айналды. Бұлар дербес топта органикалық әлдебір қатынастарды жалғастырды. Екінші интеллектуалдар тобы абдалан-й-румилер болатын. Бұл зиялы топ алдыңғы лауазымды бейлердің көшпелі түрікмендермен байланысын қамтыды. Бұл көпшілік халық жиындары арасында бейлердің легитимділікке ие болуына қызмет етті. Үстемдікке ие негізгі топтың алғашқылары әрі шейхтармен, әрі абдалан-й-румилермен органикалық ынтымақтастық құрады. Абдалан-й-

румилер көшпелі түрікмен тайпаларының органикалық интеллектуалдарының бастапқысы бола білді. Сондықтан, осы себеппен абдалан-й-румилер орталықтанған және сунниттік шейхтер арқылы жалғыз зиялы топ жағдайына келген билеушімен ынтымақтастығын біртіндеп үзеді және саяси авторитетке бағынбаған бір күшке айналады. Басқа қырынан алғанда, қалаларда ең соңғы дәрежеде ұйымдары бар қол өнершілерден басқа қызығушылығы бар сегмент туындайды. Ақилар қалыптасқаннан кейін бұл сегмент өзінің ұйымдық, интеллектуалдық танылуын ақилерден табады. Ақилер де бір жақтан саяси авторитетпен қатынастар ішінде басқа тараптан да абдалан-й-румилерге жақын болды. Османдық қоғамда бұл тәрізде көрінген үш ерекшелікті органикалық интеллектуал топтардың болмысын айта аламыз: орталық басқарушы таптың зияткері болған шейхтарға, көшпелі түрікмендер халқының интеллектуалдары абдалан-й-румилерге және қалалық қолөнершілер зияткерлері ақилерге жіктеледі. Бұлардың арасындағы қарым-қатынас және ауысулар талқыланатыны күмәнсіз, бірақ бұлардың арасындағы біртіндеп қатаңданған және ақыры күреске айналған қарым-қатынас арнайы зерттеуді қажет етеді. Таптар арасындағы қарқынды күреске ұқсас, бұл таптардың органикалық интеллектуалдары арасындағы күрес те қатыгез формада орын алды. Барлық жерде басқарушы саяси бедел мен рухани беделдің қақтығысы белгі берді.

Уақып және сунниттік факихтер (ислам дүниесінің ғұламалары):

Билеуші тап болған лауазымды кісілердің жанында құрметті бір орынға ие, бір зиялы топ ретінде шейхтар танылады. Бұлардың түбірін Вефаи дәруіші Илиястың Селжұқтарға қарсы сәтсіз бас көтерілісінен кейін шет аймақтарға қашқан Бабаи дәруіштері құрайды. Османлының шет аймақтары, бұл дәруіштердің жасырынған жерлерінің бірі еді. Осман Ғази сунниттік дін ғұламаларына өмір сүру-уақыпын берді. Бұлардың ішінен еске

бірден түсетін есімдерінің бірі, ол күмәнсіз Шейх Еде-Вали. Ол Білежікте өз тобын құрады және Осман Ғази Көзағашы ауылын оған, олардың қорына береді. Саяси беделмен байланысты және сұлтаннан уақып алушы бұл дәруіштер, тарихта конформист дәруіштер деген атқа ие болған. Шеткері аймақтарда тұратын мырзалар да бұл дін ғұламаларын құрметтейді. Дін ғұламаларының ішіндегі ең төменгісі ауыл имамдары болды. Ғұламаларға кадийлер мен уазірлер де кіреді. Османдықтарда алғашқы уазірлер де осы дін ғұламалары арасынан таңдап алынды. Осылайша мұсылман құқығын жақсы білген бұл зиялы топтың кейбір ұйымдары, мемлекет басқаруында негізгі саяси беделмен бір аралық топты құрайды. Басында танымал болған шарифат және заң арасындағы бәсекелестік, әртүрлі формада бейлер мен ғұламалардың арасындағы бәсекелестік ретінде жалғасын тапты. Бұл ағартушылар мен саяси бедел арасында саяси беделге қатысты әр кез қақтығыстар орын алды. Бұл қақтығыстың ең ашық үлгісін Фатих Мехмед султан мен Ақшемседдин арасында болған жағдайдан көруге болады. Ақшемседдин Стамбул ғұламаларының «әулиелерінің көзімін» деген талабын қояды. Бұл ашығында Ақшемседдиннің өзін саяси авторитеттен жоғары қою ұғымына сәйкес келеді. Фатихтың оған «Бұл қаланы қылышымның жүзімен алғанмын» деген жауабындағы саяси мәң, осы бәсекелестіктің ашық мысалдарының бірі ретінде саналады. Бұл конфликт Ақшемседдиннің елінің Көйүнкте оңашалануымен, жалғыз қалуымен аяқталды.

Ол кездегі ынтымақтастық бойынша үстемдікке ие таптың органикалық интеллектуалдары бастапқыда абдалдардың жойылуына жол бермеді. Бұл екі зиялы топ бір бірі үшін көмекке келе алды және басқарушы тапқа қоғамдық жіктерді байланыстыру функциясын жүктеді. Орталық авторитеттің формаланып, дәл бір таптық сипатының алынуымен ынтымақтастықта, шейх, дәруіштер секілді топтар жаңа саяси беделдің рұқсатымен уақып алды, өзінің

ізбасарларын, жақтастарын, элитасын құрды. Саяси беделмен байланысты бұл ағартушылар тобы, соған ұқсас уақытта қалалық халықтың сүнниттік бағыттағы органикалық интеллектуалдар қатарына қосылады. Олар осының негізінде ауыл шаруаларының үстем блокқа ынтымақтасуына әрі қызметін ұсынуларына жол ашты.

Бұл интеллектуалдық топ Османдықтардың күйреуіне байланысты негізгі үстем таппен бірге интеллектуалдық билеушіні де, негізгі үстем таптың зиялысы болудан бастау алған билеушіні де жоғалтып алды. Бір үстем блок билеушіні жоғалтқанда оның органикалық интеллектуалдарын да жойып алады. «Түрік республикасы шейхтар, мүриттер мемлекеті бола алмайды» деген түсінік өте көп қайталанған түсінік саналады. Жылдар бойы ең жоғары дәрежедегі ерекше орынға ие болған, басқа зияткерлер тобының өмір сүру хақын мүлдем, әдейі танымаған Османдық үстемдікке ие блоктың бұл органикалық зияткер тобы, ауыр жеңіліске ұшырағаннан соң кері шегінді. Мұндай аспекті оларды жер астына шегінген түсінігіне де әкелді. Бұл жерде Йашар Ожактың «шаруалық ислам, араб исламы» мұсылман ұғымын түсіндіруін ойыма алып, жаздым. Бұл ағартушылар тобын түсіну және анықтау үшін «дәстүрлі интеллектуалдар» танымы жетіспейді. Мен бұл интеллектуалдық топтарды «шөккен интеллектуалдар» ұғымымен түсіндіремін. Жер астына шегінген, шөккен зиялылар тобы жаңа үстемдікке ие блогының әрі саяси-экономикалық, әрі интеллектуалдық қабатын негізгі мүмкіндік ретінде қолданды. Провинцияларда, оларды биіктету ісі жалғасты. Алайда, бұл процесс Османдықтардың қатаң білім мен тәртіптің ұласуын дамытқан жүйесінен сырт қалды. Османдық ғұлама топтың теологиялық қажылығының сыртында гүлденген бұл процесс, сол заманда бір еркін интеллектуал кеңістікке жол ашты. Жаңа үстем блоктың экономикалық және интеллектуалдық әлсіздігі, жеңілген Османдық үстем блоктың органикалық интеллектуалдарының үлкен қалалардың орталықтарына шөгілген

зиялылар секілді орналасып, дамуына алып келді. Бұл құбылысты талқылауда халықтың ауылдан қалаға көшу жағдайларын да ойлану қажет екені күмәнсіз. Ескі қоғамдық формацияның шөгілген органикалық интеллектуалдары күш алу үшін өзінің саяси танылуын іздеу, қалыптастыру бағытында жұмыс жасайды. Бұл тарихи құбылыс соңында бір қызық болып көрінді: османдық үстем блогының органикалық интеллектуалы болған шөгілген зиялылар, Османдық егемендік жойылған қоғамдық формацияда, өздерінің талаптарын билеуші топ сияқты қояды. Бұл үшін, олар жаңа үстемдікке ие блокпен ынтымақтастықты және бірге жұмыс жасау үшін мүмкіндіктерді іздейді. Шөгілген интеллектуалдар немесе ағартушылар (ағылшынша: *sedimentary intellectual*, немісше: *sedimentär intellektuel*) кімдер еді? Торта бір нәрсенің жарамсыз болып қалуы, алдыңғы биліктен қалған органикалық интеллектуалдарды анықтау үшін осы терминді қолданамын. Бұл терминмен Осман империясынан қалған интеллектуалдарды айтып отырмын. Бұлардың бағынған биліктері құласа да жаңа қоғамда өздерінің ескі ойларын жалғастырған интеллектуалдарды айтып отырмын. Бұлардың бағынышты болған басшылары тарихтан өшірілсе де, бұлар билікті талап еткен интеллектуалдар. Шөгілген тортасы алынған интеллектуалдар әрі қарай зерттеуді қажет етеді.

Ақилер: Бұл бағыт көзқарасы Ақи Евранға сүйенеді. Ақи Евран (Hoylu Şeyh Nasireddin Mahmud) – XIII ғасырда Бағдаттан Анадолыға көшкен ғұламалар мен суфийлер арасында дүниеге келген және өмір сүрген дін адамы. Ол философия және мистика бойынша шығармалар жазған. Ол Селжұқтық басқарушы таптың органикалық ағартушысы және Моңғолдармен ынтымақтастығы болды деп күдіктелетін Мәуланамен жауласушылығымен белгілі болған. Ақи Евран соңында моңғолдармен ынтымақтастық жасаған Мәуланашылдардың бірі болған Жажаұлы Нүриддин бейдің Кайсеріде жасаған қырғынында өлтірілді. Бұл кезеңде ақилерге тән ізбасарлық Мәуланашылдарға да берілген

еді. Ақи Евран зат тасымалдаушылардың, еңбеккерлердің пірі болуымен бірге 32 түрлі қолөнердің де (esnaf) пірі ретінде қабылданды. Яки, Ақи Евран жаңа ақи ұйымдарының ең жоғарысында тұрған есімнің бірі саналынады. Ақи жұмыссыз жастарды бір ортаға жинап, оларға қолөнер саласында көшбасшы болған. Бұған дін мен кәсіпті біріктірген форма ретінде (fütüvvet) талпынады. Ақи бір ғимаратты өзіне таңдап, онда жақтастырын жинап, ол жерде жас жұмыссыз қолөнершілермен бірге өмір сүреді. Бұл көбінде керуен сарайлар ретінде жұмыс жасады. Іс жүргізуден түскен табыстар ақилерге тапсырылады және ол бір коммуна формасында қолданылды. Бұл керуен сарайларда (Zaviye) бөтендердің қонақ болуына рұқсат беріліп, олар соңғы дәрежедегі достардай араласатын мекенге айналады. Ұйым мүшелерінің басшысы ақи деп аталады, ал, қалғандары жас, мәрт, батырлар (fitu'in) есімдеріне ие болады. Фитиандар өзіне сәнді киім формасын киеді және белдеріне қанжар іліп жүреді (Фитиандардың киім үлгісі кейіннен янычар униформасына үлгі ретінде алынды).

Фүтүбет (Fütüvet) әдебінің толық мағынасындағы ықпалы жүздеген жылдар бойы жалғасқан бір қоғамдық мінез-құлық ережелері және мораль ретінде қалыптасты. Fütüvet: дін мен кәсіп бірлігі, қолөнершілер топтарына берілген атау. Ақилардың жиналатын керуен сарайларында жұмысшыларға моральдан білім беріледі. «Фүтүбеттануларда» маңызды бір мораль құралы идеал адам кәсібі, дұрыс іс түрінде түсіндірілді. Мұқтаждығы болғандарға жәрдем беру, қонақжайлық, құрбан болу, сүйеніш, тірек болу, үлкендерге құрмет, бір-біріне қарсы сөйлеуден, өсек айтудан тартын, босқа жүрме секілді құндылықтармен бірге «тіліңе, беліңе, қолыңа хакім бол» сөздерін идеал адам кәсібі ретінде түсіндіреді. Османдықта қолөнердің ұста, шәкірт қатынасы негізіне отыруы Фүтүбет (Fütüvet) әдебінің әлеуметтік және экономикалық құрылымның негізгі моральдық функциясын өзіне алуына алып келді.

Жұмысшылардың ақи ұйымдарында мораль және іс тәртібі бойынша оқытылуы

қаладағы өндірістің қалай жұмыс істеуіне, қолөнер ұйымдарының, орталық беделдің, мемлекеттің ортақ шешімдеріне таралады. Бұл көзқарас мемлекет пен ақи ұйымдарының бір-бірін қолдауын білдірді. Бұл іс нарыққа бағытталған өндірісті анық жоспарлауды қажетсінеді. Жаңаны қаланың қажеттілігіне қарай үйрету және үйрену керек еді. Егер, ол ортада, қалада осылай жасалынбаса, өндірістің, бағаларының артық түсуіне жол ашады. Бұл өз кезегінде өндірушінің зиян көруінің себебі болып табылады. Ісі кері кетіп, құлдыраған өндірісте де тұтынушы жоғарылаған бағалардың салдарынан зиян шегеді. Бұл тәртіпте заңсыз өндірістің тұйықталуында да қолөнер мемлекеттің қолдауына сүйенеді. Істе бұл теңдіктің сақталуына екі тарап та мүдделі болып, тиісінше, ақилердің ұйымдары мен мемлекет өзара ынтымақтастыққа келеді. Бұл жағдайды Иналджиктың анықтауында маңызыдылық бар: «Османдықтардың сыртқы нарыққа материалдар жіберу, жібермеуі орта қалалар мен шағын қалалардың экономикасын, Османдық қолөнер ұйымын және олардың этикалық шарттарын анықтайды» [1, 52 б]. Ғалым Иналджиктің мораль және өндіріс формасы арасындағы құрған бұл байланысы, көңіл аударарлық мәселе.

Ақилық моральды және қоғамның алдыңғы құндылықтарын түсіндіруші Өмер Шухребердінің шығармаларымен суфийлік сенімдер байыды және тұтас Анадолыға жайылды. Анадолыға жайылған бұл ақи ұйымдарын ықпалды кісілерден басқа сұлтандар қорлар құру арқылы қолдады. Орталық авторитеттің бақылауды жоғалтуы үлгісін, Селжұқтардың ыдырау кезінде ақилер қалаларда бұқараның қауіпсіздігін де сақтауға, қорғауға қатысуынан көреміз. Ақилердің бұл тарихи қалыптасуының нәтижелерін Иналджик былай анықтайды: «Ақилық, сүнниттік ислам ортасында бір әлеуметтік ұйымдасу секілді қабылданса да, көшпенді Түрікмендер арасында дін өмірі ортодоксалды тариқат дәруіштері секілді танылмады» [1, 53 б].

Селжұқтар дәуірінде орталық мемлекет және басқарушы тап интеллектуалдары

болған Мәуланамен бірге күрес ішінде көрінген және көшпелі түрікмендермен өте жақын болған ақилер, заманында орталық авторитетпен толық бір байланыс құрады. Бұл келісім көшпелі түрікмендердің интеллектуалдық танылуында ақилердің шешуші күш болуына жол ашқаны күмәнсіз. Бұл бос кеңістік те толық мағынасында абдалдар, аталар тарапынан толтырылды.

Анадолы Хорасан ерендері, абдалан-й-румилер: Бұлар Анадолыға жолаушылар ретінде көшіп келгендер, арасында абдалан-й-руми есімімен танылған Хорасан ерендері. Түрік тілінде ерендер дегеніміз Тәңір жолында сырларға ерген тариқат ұлылары, өздерін Аллаға бағыштаған адамдар деген мағынаны білдіреді. Олар Азербайжаннан келгендер арасынан да шықты. «Жалпы Абдалан-й-Руми көшпелі түрікмендер арасында Орта Азия бақсыларына ұқсас, дін және қоғам өмірін басқарған қасиетті кісілер секілді анықталады». Иналчықтың жазуынша: XIV-XV ғасырларда отырықшы өмірге өткен факихтер және медресенің интеллектуалдық ықпалы арқылы сүнниттік өмір салтын қабылдаған Түрік қоғамынан басқаша абдалан-й-румийлер көшпелі түрікмендердің мәдениетін, қоғамдық мазмұнын және өмір салтын білдіруші еді. Олар Орта Азия бақсыларының дінді және қоғамдық өмірді түзетуші қасиетті адамдар болғанына сенді. Осыған ұқсас абдалдар да Тәңірімен тұрақты бір байланыс ішінде болулары арқылы мемлекет істерінің де олардың бақылауында болуына өз талаптарын қояды. Бұлар бейліктер дәуірінде үлкен құрметке ие болды, бейлер тарапынан қасиетті кісілер ретінде төрге шығарылды. Алайда бейліктер дәуірінен кейін өз соңына жеткен абдалдар қоғамнан толығымен сырт қалды. Отырықшы өмір сүрудің негізінде, орталық бюрократиялық бір мемлекеттің құрылуына сәйкес идеологияны, енді еш күмәнсіз сүнний факихтер тасымалдай бастады. Өзге қырынан қарағанда отырықшы өмірге сүйенген орталық бюрократиялық мемлекет құрылымы үшін сүннийлік идеология жасалды. Үстемдікке ие таптың органикалық ағартушысы миссиясын,

атрибутын Осман Ғазимен бастаған тіршілік-уақып қолынан, сүнний факихтер алды. Бұдан кейін де абдалдар мемлекет медреселері мен қалалықтарға қарсы тұрақты қақтығыс ішіне тап болды. Абдалдар, енді саяси беделге қарсы көтерілген, көзтүрткі бір топ халіне келді. Бұл жағдай абдалдардың жаңа бір көшке ұласуына түрткі болды. «Ол заманда көшпелі өмір сүру салты, абдализмнің сенімі және мазмұнды жүйесі Шығыс-Румийлері шет аймақтардың ғазии бейлері (Михалоғлыларға ұқсас) жанына орналасты» [1,916]. Бұл кезде отырықшылықтанған орталық бюрократиялық мемлекет құрылымы абдалдардың ол жерде бір танымға ие болуын мүмкін емес халге келтірді. Қасиетті кісілер ретінде қабылданған абдалдар бейліктер дәуірінен кейін қоғамның сыртына тасталды. Бұл кезеңнен кейін де орталық мемлекет пен абдалдар арасында жаппай бір күрес басталды. Абдалдар медресе мен қалалық мемлекетке және орталық беделге қарсы көтерілді.

Езілген таптың интеллектуалы Отман Баба

Отман бабаның тарихтағы орыны бәлкім Шейх Бедреддинге байланысты болар. Мұнда Назым Хикмет дастанының көп үлесі бар екені күмәнсіз. Шейх Бедреддиннің отбасы баба тарапынан Селжұқ хукімдарларына дейін созылады. Әкесі – османдық әмір және дін қазысы. Анасы – Симавна қамалының Византиялық генералының қызы. Тиісінше, анасынан грек тілін үйренеді, әке тарапынан фикихты жақсы біліп шығады. Шейх Бедреддин ең жоғары элиталық білім алады, мұсылман ілімдерін Молда Жүсіптен өте жас кезінен үйренеді. Кониядан Каирге дейін маңызды ілім орталықтарында, ең алдыңғы ғалымдардан тәлім алады. Бұл жерлерде философияны да оқи бастайды. Асылы ойының жаңғыруы Каирде Анадолы текті Шейх Хүсейін-й-Ахлатимен танысуынан орын алды. Оның ұсынысымен Тебризге барады және Ғуруфы орталарында қарым-қатынас түзеді. Вахдети Вужуд ілімін, Халлаж-й-

Мансұр дәстүрін үйренеді. Ол бұл жерде Иудейлік, Христиандық және Мұсылман синтезі болған көзқарасты дамытуы ықтимал. Анадолыға оралауында Иылдырым Баязидтің ұлдары арасында тақ күресіне тап болады. Шейх Бедреддин Эдирне билеушісі Мұса Челеби қазының әскерлік ұсынысын қабыл алады, оған шын көңілмен сенеді. Тақ күресінде жеңілген Мұса Челеби, жеңген Челеби Мехмед тарапынан буындырылып өлтіріледі. Шейх Бедреддин де Изникке жер аударылады. Оны жазадан құтқарған білім адамына деген құрмет еді. Шейх Бедреддиннің көтерілісі коммуна әрекеті емес еді және жеке меншікті жою үшін де емес болатын. Олардың әрекеті дәстүрлі көтерілісші Йорук-Түрікмен аймағында басталған және дәруіштердің қолдауына сүйенсе де, Мұсылман әскерлерінің, шекара батырларының және христиан феодалдарының талаптарына тепе- тең келді. Саяси негізде бұл көтеріліс; орталықшыл, күш тек бір қолға жинақталған деп түсінуге қарсы, аймақтық күш ошақтарының да өмір сүруін мәңгіге қалдыруды көздеген мүдде еді. Олар орталық билеушіге қарсы болуының салдарынан да Түрікмен-Йоріктердің қолдауын алады. Шейх Бедреддиннің жеңілуінің себебі де олардың өз мүдделерін көздеуі еді; нәтижесінде мұсылман офицерлерінің, шекара батырларының және христиан феодалдарының да сатқындығы орын алады. Жерлерін жоғалтқан бұл элементтерге, казустардан шығатын жолды іздеуде, оларға жерлерінің қайтарылуы туралы уәде беріледі. Бұл уәдені алғандар Шейх Бедреддинді тастап Османдық күштерге барып қосылады [2]. (Осак). Иналчық, Отман бабаның өмірінен тыс қалған көшпелі қоғамы мен отырықшы сүнний қоғамы және Ирандық бюрократиялық мемлекет жүйесі арасындағы қақтығысынан бір драмматикалық хикая туралы айтады. Тарихтағы маңызды оқиғалар екі рет өмір сүруін жалғастыруда: «Алғашқыда трагедия, екіншісінде комедия ретінде». Кейінгі тарихтарға қарасақ Француз революциясында буржуазияның пролетариатты жетегіне алуына ұқсас, Осман билігі өз үстем сыныбын құруда көшпелі

түрікмен тайпаларының және олардың ағартушыларының қолдауына ие болды.

Мемлекет идеологиясы мұсылмандықтың суниттік бағытында болған Ирандық бюрократиялық мемлекет құрылымының отырықшылануына қолдауын беруі бұл сегментті тазартуға әкелді. Бұл процестің ең айқын жағдайы Фатих султан Мехмед дәуірінде орын алды. Фатихтің биік саяси сәтті істері Ыстамбұлды алуда тіркеледі. Ыстамбұлды жаулап алуда өзінің үлесінің болғанын айтқан ең аз үш есім алдымыздан шығуда. Олар: үстем сыныптың органикалық интеллектуалын танытушы Ақшемседдин, саяси одақтасы болған Аққойлы Ұзын Хасан және Түрікмен-Йоріктердің зиялысы Отман баба.

Отман Баба XV ғасырда Хорасаннан Анадоны, Анадолыдан Балкандарды жаулап алуға өзі қатысқан қаһармандәруіш бір алып батыр ретінде жазбаларда қалған. Ол туралы мәліметтер өте ертеден, ауыздан ауызға таралып келген деректерге сүйенеді. Анадолыға Әмір Темірмен бірге келді деген сөз бар. Киім киюі мен қылығы Орта Азия бақсыларына ұқсайды. Үстінде қой терісінен киімі бар және сабалақ-сабалақ болып көрінеді. Басындағы шашы ұстарамен қырылған, шашсыз, сақалсыз, мұртсыз және қассыз жалаңаш бір бейнеге ие. Әдетте үстінде ішік және қолында ұзын асатаяғы бар. Бір өзі бір мекен және бір белгі. Тіпті тау мен таста да, пештер мен асханаларда да, ғимараттар мен тақтарда, мешіттерде де әлдекімдер оның жағдайынан» хабардар болмай-ақ өмір сүруде. Отман баба орталықтан жер жерлерге ауысып, Анадонының түрлі жерлерінен қайта ортаға, алдымыздан шығады. Бірде Каратеңіз тауларынан, тағы бірде Балканға дейін шытырман оқиғаларды байқатады. Бұл шытырман оқиғалар жалпы Отман бабаның бір кереметімен аяқталады. Отман баба ауруларды емдейді, әлсіздерге көмек береді, адасқандарға сөз қолдауын білдіреді және табиғат күштеріне билігін жүргізеді...

Отман баба бір басына ел кезіп жүреді, қырларда дала шөптерімен тамақтанады. Жағдайы мүшкіл тартқандардың жанында

зікір салады және кереметімен мүшкіл жағдайын шешуге тырысады. Балқан тауы етегіндегі Алчаккызандық ауылында болғаны сияқты айлар бойы адамдарға қызмет көрсетеді. Гелиболы жолында зікір жасауында шынжырға байланған тұтқындарды балықшының қолынан құтқарады. Жасыл өсімдіктерді отсыз пісіреді және аштарды тойдырады. Зорлық пен таршылықта қалғандарды көмегіне алған Отман баба, бұл таудың биік жартастарын кезуде, өзі де мүшкіл жағдайға тап болады. Бұндай жағдайда, ол өз кереметін көрсетіп, өзін де қиын жағдайдан құтқаруы керек еді, бірақ ол олай жасамайды. Алайда, оны таныған кісінің бірі жолықса, Отман бабаның кім екенін анықтап, оған көмек беруге тырысады. Бір кездерде бір шаруа оны тауға тығылған қашқын деп түсініп, оны тұтқынға алады және диірменіне жұмысқа салады. Отман баба жағдайға қарсы шықпайды. Бір кісі, тағы да оны танып, тұтқыннан азат етеді. Осыған ұқсас жаңа бір жағдайда Ыстамбұлға қадам басқан Отман баба Ағаштеңізден ағаш кесіп, келе жатқан «бірқатар кәпірлер» тарапынан, күмәнді адам ретінде қабылданып, қайта тұтқынға алынады. «Қашқын ба, бұл өзі қандай адам» деген оймен ұсталып, бір бөлмеге қамалады. Отман баба үш күн бойы қамалған жерінде, өзіне берілген асты ішпей, сол күйі отырады. Қара теңіз қиясындағы Ақийолы қаласынан тұз тасушылар, Виза қаласынан бірқатар кісілер Отман бабаның қамалғанын естіп, ауылынан шығып, жағдайдан хабардар болады. Отман бабаның жанына барған бұл жігіттердің бірі, оның кім екенін және ол жерде не үшін отырғанын сұрайды. Отман бабаның тереңінен жауабы: мына отырған кісілер мені ішке орналастырды. Бұларды көзіммен күтудемін» [3, 49 б]. Отман баба өзін қамағандарды көз түрмесіне алып, қамауда ұстайды, қамақтағы өзін, сырттағы түрме жасайды, сырттағылар да түрмеге тұтқындалған... Тұтылған жерінен шығарылған Отман баба тек Ақбаш бауырым деп атаған кісіні күткенін сөйлейді және онымен бірге оның Виза аймағындағы ауылына еріп келеді. Отман баба бұл жерде ұзақ уақыт ауылдың қаздарын көкке жайып,

қызмет көрсетеді. Бұл жерде де Отман бабаның қарсыласпағанын көреміз. Отман бабаның бұл қатынасы да оның дүниеге көзқарасына сүйенетіні ықтимал. Ертеден адамдардың өздерінің билік құруы, ия болмаса билік құрғанын ойлануы, олардың тарапынан асқақтауға жол бермейтін бір тәрбие ретінде көрінеді. Отман баба үшін уалилік мақамы өзге тұтас билеушілерден үстін көрінеді.

Бұның қарсысына теккелердегі қарсыласуларда келісімсіз, тіпті кейде қатал бір Отман баба портреті ортаға шығады. Бұл жерлерде дәруіштер, абдалдар білім мен кереметтерін жарыстырады. Бірқатар мысалдарды көрсетуге тырысамын: Баязид баба өзінің мүриттерінің бірі болған және Серезде теккесі бар Межнун бабаның жанына келеді. Отман баба да осыны күтіп жүргендей теккеге келеді. Бұл жағдайға Баязид бабаның жасы келген дәруіштерінің бірі болған Қара Абдал өзінің реакциясын білдіріп: «Әй, жүрген бір көшпенді ұстазы, осы сенен құтыла алмайтын шығармыз», - дейді. Отман баба оған ашулы түрде үн қатады: әй, иегі шошаңдаған, маған қара, ия, мен көшпелілердің ұстазымын, Хақ Тағала әмірімен сенің жаныңды аламын» [3, 65 б]. Бұл сөз Қара Абдалдың иегін көздеп айтылады. Алайда, Қара Абдал сол кеште өлім құшады, таңертеңнен соңында құтқару үшін жүрген дәруіш те ажал құшады. Отман баба мұндай сұспен саяси билік иелеріне де қарсы шығады. Отман баба теккелерді зиярат жасайды, ол жерлерде қалады. Теккелерде басқа дәруіштермен қарсыласып, өзара тартысып, дауласады. Кейде бұл қарсыласуларда кереметтерінің де ұсынылғанын көреміз. Осыған ұқсас бір ортада Умур баба үн қатады: «Сен оның ағашын көтерсең, біз оның жемісін пайда ететін едік деді». Отман бабаның жауабы: Сен оның жемісін пайда көрсең мен қалғандарды жетілдіріп, сусыздарды қандырып, аштарды тойдырушы Мұхамедтің сырымын деді» [3, 82б]. Отман баба өзін «Расулланың сыры» көреді. Теккеден текке кезеді және бұл текке зияратында қарсыласқан басқа абдалдармен және шейхтармен тартысуында олардан өзінің интеллектуалдық биіктігін байқатады. Басқа

абдалдар қарсысында өте биік бір ерекшелігін тапқан Отман бабаның ықпалы мен оған байланысты мұриттерінің саны да күннен күнге артады. Отман бабаның ықпалының кеңеюінің бір себебі де осы кереметтерін күмәнсіз көрсете, таныта алуы еді.

Вардар Йенижесі деген қалада жиналған абдалдардың бірімен Отман бабаның тартысуы назарымызды аударады: Отман баба өзі демалған жердегі моншаның нәжісінен аққан суды иіліп ішеді. Қала халқының ішінен бұл оқиғаға куәгерлер шығады. Тәлім мен қайратқа түскен халық «бұл қандай адам өзі, хамамның нәжісінен су ішуде» деп сұрайды. Олардың араларындағы бірі Отман бабадан моншаның нәжіс суын не үшін ішкенін және оның адамдардың нәжіс суынан да жеркенішті екенін сұрайды. Отман баба таза объектінің болмағаны, ақиқат көзінен қарағанда әр заттың хақ болғанын сөйлейді. Таза деп аталатын объект ашық аспаңда мейлі өсімдік, мейлі жануар, мейлі адам болсын шындығында жүтінудің болуын білдіреді. “Соңында кірлі болған заттар, шындығында негізіне оралуда мүлдем таза болады. Дегенмен кітаптың жетекшілігіндегі бейнеге қарай таза болғандар жиіркенішті көрінеді” [3,72 б]. Абдалдар арасындағы сөз таластырулар философияға маңызды деңгейде тереңдік, мән береді.

Фатих Сұлтан Мехмед пен Отман Баба

Жоғарыда Отман бабаның Стамбулды жаулап алуда өзінің үлесі бар екенін айтқанын жаздым. Отман бабаның Сұлтан Мехмед Фатихпен қарым-қатынасын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші, саяси биліктің жоғары өкілі ретінде Фатихпен кездесулері және тікелей қатынастары. Бұл жерде данышпан білгір адамның, яғни табиғаттан тыс күшке ие қасиетті адамның саяси билікке ақыл кеңес беретін және оны анықтайтын интеллектуалды тұлға болуға ұмтылысын көріп отырмыз. Және тең қарым қатынасты, тіпті интеллектуал адамның бір саты болса да жоғары статусын көріп отырмыз. Фатихтың алдымен ашулы, кейін

құрметпен және толеранттылықпен қарағаны назар аударарлық жағдай. Шын мәнінде, бұл толеранттылық өзіне биліктің күшін берген адамның алдында ұстанған саяси жетілуде айналады. Осы екі маңызды адамның қарым-қатынасы екінші кезеңде Фатихтың арнайы адамдары арқылы жалғасады. Бұл жерде болса, тарихи дамудың қажет екендігін түсінген саяси биліктің үмітсіз күрес ішінде тырмысқан бұрынғы одақтас интеллектуал өкілімен толеранттылыққа негізделген қарым-қатынасы бар. Екінші жағынан, зиялы қауымның біртіндеп өзі өкілдік еткен қоғамдық таптың мүлдем жоғалтуымен бірге фольклорлық элементке айналғанын көрген интеллектуалдың үмітсіз және қайғылы қарсылығы бұл. Осы кезеңнен кейін Отман Баба Фатихтен жіберілген хабарламаларды қабылдау арқылы қарсылықтың мағынасыздығын қабылдаған сияқты.

Отман Баба сұлтан Мехмед Манисада ханзада болған кезде оның сұлтан болатынын түсінде көрген. Бұл түсті интеллектуалдың саяси болжамының дәлдігі деп түсіндіруге болады. Отман Бабаның тағы бір саяси болжамы – Ыстамбұлдың жаулап алынғандығын жариялауы. Алайда, Бұл оқиғаның алдында Әзірбайжанда Арарат тауының етегінде «Мен Грецияға тағы барамын. Және бұлтқа мініп найзағайды қамшылаймын. Тау жоқ болып кетеді. Сол арада Ыстамбұлдың алдында бір төбе пайда болады. Стамбулды сілкіндіретін Кемел мейірімді әрі мінсіз адам кім? Мен бұл қаланы алуға келдім. Мен үлкен шіркеулерде Мұхаммедке салауат оқуға келдім» [3, 19 б]. Отман баба Ыстамбұлдың қарсы жағындағы бір төбеде қырық күн жатып бақылайды. Осы уақытта Сұлтан Мурад өліп жатыр, ал Мехмед Хан сұлтан болып, Караманды жаулап алып, содан кейін Ыстамбулды қоршауға алады. «Және ол екі әлемнің күн нұры. Дирвана қаланың көпірінің басында тасқа көтерілді. Бюленд абызбен: Аллаһу акбар Ыстамбулды алдық деді. Бұл күн Сұлтан Мехмед таңертең Стамбулды жаулап алған күн» [3, 276]. Ыстамбул қаласын жаулап алғаннан кейін Отман Баба да «Осы биік қаланың қирандылары мен қираған жерлеріне үй

сал. Бұл қала Хасан мен Хусейннің қаласы» деген бұйрық та берді. Бұл бұйрықты орындаған Фатих болды: «Стамбұлды Сұлтан Мехмедтен имарет қылған қамқорлықтың тынысы жүзеге асты» [3, 376].

Отман баба Фатих Сұлтан Мехмедпен Ыстамбұлды жаулап алғаннан кейін кездеседі. Фатих уәзірі Махмуд Пашамен бірге аңнан оралғанда, Силиврикапыда тұратын Отман Баба оларды көреді. Фатих пен оның уәзірі Белград жорығы туралы әңгімелесуде еді. Отман баба мұны естіп, бірден араласады: «Осы кезде Отман Баба айқайлап жауап берді: Ол қамалға барма, Мехмед Хан. Әйтпесе, олар сенің әскеріңді жермен жексен етеді. Қашуға мәжбүр боласың» [3, 38 б]. Мұны естіген Фатих ашуланып, қылышын қолға алады. Ол өзінің алдында шеттен шыққан адам кім екенін сұрайды. Уәзір Махмуд Паша жағдайға араласып, Фатихке оның сабырға келуі керек екенін ескертеді және бұл адам сіз ойлаған адам емес, «әулие адам» дейді. Қылышын қынабына салып, Фатих сарайына оралады. Алайда, Фатих Отман Бабаның «Белградқа бармаңыз, от пайда болады, қашасыз» деген ескертуіне құлақ аспайды.

Сәтсіздікке ұшыраған Белград сапарынан бір күн өткен соң, Фатих Стамбұлда қарап отырып Баба Отманмен тағы кездеседі. Отман Баба Фатихті қолынан ұстап алып, былай дейді «Тез жауап бер – сұлтан сенсің ба, әлде менмін бе?». Фатих бұрылып, қасындағы Махмуд Пашадан: «Силиври қақпасында маған Белградқа бармауым керек, сәтсіз сапар болады деген осы кісі емес пе?», - деп сұрайды. Махмуд Паша сұраққа оң жауап беріп, «ол әулие адам» дейді. Содан кейін Фатих аттан түсіп, «әулиенің» қолынан сүйеді. «Сен Сұлтансың. Сіз Жаратушының арыстанысыз. Ал мен сенің әлсіздігіңмін, баба» [3, 39 б]. Отман баба бұған қанағаттанбай, әрі қарай жалғастырады: «Менің сұлтан екенімді біліп жүр. Сен емес». Атына мініп теріс қараған Фатих Отман Бабаға қызметшісімен бірге сыйлық жібереді. Отман баба бұл алтын монеталарды еш ойланбастан және ашуланып кері қайтарады.

Отман баба Фатихпен тағы бір рет кездеседі. Бұл жолы Отман Баба бір түсті киіммен Ескі

сарай астындағы дәруіштер үйінде болатын. Бір түні Фатих жабық киім киіп алып көшелер мен дәруіштер үйін аралайды. Ол қоғам мен дәруіштердің ол туралы не айтып жатқанын зерттейді. Фатих сонымен бірге оны осы ерекше киіммен білетін адам шыға ма деп ойлайды және осы қызығушылықпен келген дәруіштер үйінде Отман бабамен жолығады. Фатих дәруіштер үйіне қасындағы адамдармен бірге кіреді. Үйдің иесі - дәруіш оларға тәттілер ұсынады. Тамақты жеп болған соң, Отман Баба орнынан тұрып, бұрышта тұрған таяқтардың бірін алып, Фатихке қарай бет алады: «Тез айт; Отман менмін бе, әлде сенсің ба? Тез жауабыңды айт...» «Фатих жауап береді: Сіз Отмансыз. Мен емес, Баба» [3, 41б]. Осыдан кейін Отман баба Фатихке: «Мен Отманмын, ал сен болсаң, менің ұлымсың. Осыған сенуің керек» дейді. Осы кезде Фатих Отман Бабамен басқа кездесулері мен ескертулерін есіне алады. Отман Бабаға сый-сыйапат жібереді. Отман баба «шіркін, қара, сен мені азғыра алмайсың» дейді де, қолындағы шапаны мен сыйлықтарды қайтарып жібереді. Дәруіштер мен халық шашылған сый-сыйапатты жинап алады. Ықыласпен, ғибратпен тыңдайтын Фатих ойланады.

Осының бәрімен Отман Баба дәруіштер арасында өте құрметті дәрежеге жетеді. Оның абдалдар саны артады, Отман Баба екі-үш жүз абдалмен бірге саяхаттай бастайды. Ерекше киім үлгісі және іс-әрекеттері бар бір топ абдалдармен бірге сапар шегетін Отман Баба тәртіпті бұзды деп айыпталады. Шын мәнінде, ол осы себепті Эдирнеден шығарылады. Мұндағы басты мәселе Отман Бабаның ілімін Эдирне халқына таралуынан, ғұламалар және кеңесшілер Отман Бабаның «сапық» көзқарастарының қасиетті ортада жайылуынан ыңғайсызданды. Ғалымдар бұл көзқарастар тек кәпірге ғана тиесілі деп бағалайды. Эдирне қаласының қазысы болса Отман баба мен оның жақтастарының қаладан кетулерін, әйтпесе барлығын түрмеге қамайтынын хабарлайды. Отман Баба және оның соңынан еруші абдалдары тұтқындалып, Ыстамбұлға алып келінеді. Оларды Қылыч монастырына қамайды.

Монастырьдің айналасы сарбаздармен қоршалған. Стамбулдың кейбір тұрғындары бұл тұтқындарды қасиетті әулие адамдар деп санайды. Бұл арада әкімшілік бюрократия Отман баба мен оның соңынан ерушілерді алаңда өлім жазасына кесу үшін дайындық жұмыстарын аяқтайды. Ғұламалардың барлық талаптарына қарамастан, Фатих бұл адамдарды жаппай өлім жазасына кесу халық арасында толқуларға алып кететін әсерін назарға алып, тұтқындарды босатады. Отман Бабаның саяси билікпен қарым-қатынасы өте қауіпті, соңы не болары белгісіз жағдайға жетеді. Уақыт өте келе бұл қатынас тұрақтанады. Орталық билік құрылымы әлі қалыптаса қоймаған кезде шейхтар мен абдалдар қатарласып, саяси билікпен ынтымақтастықта бола алды. Алайда, олар бастапқыда одақтасқан егемен блоктың орталық бюрократиялық құрылымы орныққан сайын, идеологиялық өкілдік сөзбе-сөз ғұламаның қолына өте бастады. Ғұламаның исламды сүнниттік тұрғыдан қатаң түсіндіру бар. Отман Баба уақыт өте саяси билікті басқаратын интеллектуалдар қауымының өзі және абдалдар емес екенін түсінеді. Фатих дәуірінде одан әрі қалыптасқан орталық биліктің бюрократиялық мемлекеттік құрылымда енді абдалдардың орны бола алмайтындығын түсінеді. Алайда ол Отман Баба өкілдік еткен қоғамдық тап халық билігінің орнауында Абдалдардың тарихи рөлін ұмытпайды. Мүмкін осыған байланысты болар, қарапайым халық Отман бабаға сүйіспеншілікпен қарайды.

Фатих бұдан былай Отман Бабаны ренжітуге болмайтын Абдал ретінде қабылдайды. Алайда, Отман Бабаның пашалармен шиеленісі жалғаса береді. Отман Баба 173 абдалымен бірге Синан пашаның алдына шығып, мойынұсынады. Синан Паша болса абдалдарға зиян тигізу ойлары болмағандығын алға тартады. Екеуінің арасында басталған пікірсайыс негізінен Отман Бабаның ойларын білу екендігін алға тартады. Отман Бабаның «Құдай, Мұхаммед пен Иса және Мұса және Адам менмін» деген сөздерін Фатихке тағыда бір рет жеткізу

екендігі байқалады. Шынында да, олар мұны құжаттауға көптеген талпыныстар жасайды. Молла Гурани мен Молла Кырими де Фатихтің алдына шығып, Отман Бабаның Енел-хақ (Мен Хақпын), яғни «Мұхаммед, Иса, Мұса және Адам менмін» деген сөзін түсіндіреді. Ғұламалардың мазасыздығы мен шағымдарының себебі Отман Бабаның шарифат ережелерін мойындамауы.

Шынында да, Отман Баба өзін абдалдар мен дәруіштер арасында «Сирр-и Мухаммед» деп атайды. Бұл әрі қарай кеңейіп, Отман Баба өзін Мұса, Иса және Мұхаммед екендігін алға тартады. Соңында Отман Баба өзін «Енел Хақ» (яғни, Мен Хақпын) екендігін айтады. Бұл көзқарастары сопылардың, басқаша айтқанда, басқарушы блоктың органикалық зиялыларының үлкен реакциясын тудырады. Отман бабаны интеллектуалды деңгейде жеңе алмаған сопылар Фатих Сұлтанға Отман бабаның шарифатқа бағынбайтының айтып, шағымданады. Отман Баба осы шағымдардың тарихта қалай аяқталғанын жай және байсалды түрде еске салады: Ғылымның ең танымал өкілдері Маншур мен Несими «шарифатқа қарсы сөздер айтқаны үшін өлтірілді».

Отман бабаның «шарифат адамдарына деген қадір-қасиеті» жоқ екендігі тек теориялық деңгейде ғана емес, сонымен қатар исламның рәсімдері мен ғибадаттарында да көрініс табуда. Рамазан айында Отман Баба өзінің абдалдарына Ыстамбұлдағы Ескісарайдың маңында қазандарға тамақ пісіріп, халыққа таратқызады. Сондай-ақ, Фатихке Отман Бабаның екі-үш жүз абдалмен ораза ұстағаны туралы шағымданады. Фатихтың бұл шағымдардан шаршағандығы байқалады. Фатих «кімде-кім шағымданса, оны екі бөлікке бөліп, теңізге тастаймын» деп қорқытады.

Отман Бабаның көзқарастары мен ықпалының күшеюі, негізінен, басым блоктың органикалық интеллектуалы болған ғұламалар тобын алаңдатады. Себебі Отман Баба олардың сүнниттік сенімдерін құрметтемейді және олардың билік пен мүлікке деген амбициясын сынға алады.

Ғұламалар Отман Бабамен ойлау деңгейінде төтеп бере алмағаннан кейін, бұл мәселеге саяси биліктің араласуы және Отман Бабаны ығыстыру үшін «фитна» деп атауға тұрарлық бір шексіз әрекетке кіріседі. Фатихтің өзі басы қасында болған саяси билік болса Отман Бабаны саяси қауіп ретінде қарастырмайды. Отман Бабамен қарым-қатынасын ақылға қонымды симпатияға құрады және қоғамға кең ықпалы бар абдал әулиенің бар болғандығын орынды деп санайды. Шын мәнінде, осы шағымдардың бәрі жалғасып жатқанда, Фатих Отман Бабаға сый-сияпаттар беріп, өзінің ең жақын адамы арқылы «Егер менің әкем қаласа және рұқсат берсе жіберсе, мен оған сарай салып берейін» деген хабарды жолдап отырады [3, 223 б]. Әрине, бұл әрекетті оппозициялық зиялы қауымның жетекші өкілін жүйеге қосу әрекеті деп бағалау қажет. Иналджик атап өткендей, мемлекетке қарсы шығуға батылдық тапқан абдалдар мен дәруіштер халықтың реакциясын білдіреді. Бұл саяси блоктың олардан қорқуының негізгі көзі. Абдалдардың халыққа ықпалы, басқаша айтқанда, қоғамдық пікірді қалыптастыру күші басым блокпен саяси биліктің санасуы қажет екендігін көреміз. Дәл осы себепті абдалдар, дәруіштер, сый-сыйапаттар мен жер телімдерін беру арқылы доминантты блокқа қосылады. Отман Бабаның өмірінің соңғы жылдарына дейін ұсыныстардан бас тартуының басты себебі – ол басым блоктың қызметіне кіруден бас тартады. Сондықтан Отман Баба ұсынған бағыттан шыққан көзқарас жалғасуда және Фатихтің «ғибадат үйін, уақып, сый- сыйапат беру» туралы ұсынысын қабылдамайды. Отман Баба уақып жүйесінің «кәртаймайтын» дәрежеге жеткендігін және оның байлықтың қайнар көзіне айнала бастағанын көреді. Себебі абдалдық құдайдан басқаның бәрінен бас тартуды білдіреді. Велайетнамеде түсіндірілгендей; Отман Баба мен Фатихтің қарым-қатынасы әулиеге деген симпатия арқылы қалыптасқан құрмет және сүйікті билеушіге деген мейірімділік түрінде болған. Шындығында, Фатих ауырып жатқанда, Отман Баба оған үлкен оттарды жаға отырып, оның сауығуы үшін діни

рәсімдер ұйымдастырған: «Тез от жағып, анау қарағайларды кесіп, тастаңдар. Қорқыныш пен қараңғылық кетсін. Ал Мехеммед жақсы болсын» [3, 230 б]. Әрине, бұл іс-әрекеттің исламдық сенімге ешқандай қатысы жоқ.

Отман Баба мен Фатихтің қарым-қатынасы бір-бірінің шынайы позициясын өзара білетін екі маңызды адамның қарым-қатынасына айналады. Отман бабаға жорыққа баратын пашалар пікірін сұрауға келеді. Казаскер қонаққа келіп, оның қолынан сүйеді. Осындай жолығу кезінде Казаскер Фатихтың сәлемімен Отман Бабаға мың монета әкеледі. Отман Баба «Бұл – Мехеммед» деп, монеталар дорбасын үш рет аспанға көтереді. Көріп отырғанымыздай, бұдан былай Отман Баба жолданған сыйлықтарды кері қайтармайды. Казаскер арқылы егер оған рұқсат етсе, қолын сүйіп келгісі келетінін жеткізеді. Отман баба оның сақалын қырқып, дәруіш етемін деп, казаскердің сақалын ұстап, төменнен жоғары ысқылап, бұлар «иттің қылы» дейді. Казаскер «Иә, иттің қылы» деп жауап бергенде, Отман Баба: «Егер сізде тарақ болса, оларды тараңыз» дейді. Бұл жерде біз шарифатта сүннет болған сақалды өсірудің критикасына куәсі болып отырмыз. Казаскер Фатихтың сұрағын жеткізеді: «Бабам, ұлың Мехеммед есін жиды: бұл Құдай деп жүрген адамың, сен Худа-йи Раббул патшалығыңдасың және біз сенің кім екеніңді білмедік. Бабамыз бізге хабар берсін. Құдай кім және ол қайда?» [3, 233 б]. Отман бабаның жауабы таңқаларлық: «Құдай, сен емессің бе?» Казаскер «Құдай сақтасын» деп оған құл екендігін жеткізеді. Бұл жолы Отман Баба: «Құдай болмасаң, бұл адамдарды неге қырып жатырсыңдар?» деп сұрайды. Казаскер ежелгі дәуірден бері қалыптасқан заңдылық дейді. Осыдан кейін Отман Баба нақты сұрақтың нақты жауабын береді: «Қазір Құдай және Мұхаммед пен Адам бар. Бірақ Құдай мен Мұхаммедті жаратқан адам. Олар айтқысы келетін адам менмін». Мұны күлімсірей қарсы алған Казаскер Фатихтің тағы бір сауалын айтады: Қарабоғдан деген жауға қарсы соғысқанын және бұл соғыста кім жеңілетінін сұрайды. Отман баба еш ойланбастан жауап береді:

«қайсыларыңыз Құдайға сәжде етсе, ол жеңеді». Казаскер бірден Отман Бабаның алдына сәжде етеді. Мұны көрген Отман Баба: «Сендер жеңесіңдер» дейді. Бұл болған жайттарды Фатихке жеткізеді. Екеуі Баба Отманның не дегісі келгенін жорамалдайды.

Отман Бабаның Улама және оның жақтастарымен күресі тек теориялық деңгейде қалады, саяси билікке ықпал ету жарысы ретінде қарастыруға келмейді. Бұл күресте ара-тұра нақты шабуылдар да болып тұрады. Сопылар Килич монастырынан шығып, Йеникапы арқылы ауылға өтуді қалайтын Отман Бабаның өтуі қажет болған қақпаны құлыптауымен алдын алады. Отман баба бірінші қадамында есікке соғылған сопының тас-талқанын шығарады. Сопының жерге құлап түскен айқайы мағыналы болды: «Медет, мұсылмандар, көмекке келіңдер деп жан айқайын салады». Нәтиже ала алмаған сопылар штаб бастығына Отман баба туралы шағымданады. Оқиға мұнымен тоқтап қалмайды. Шабуылға жіберілген сопыларға Отман Бабаның үнемі алып жүретін сопасынан ұзақ тұруларын ескертеді. Алайда сопылардың халифасы бұл ескертуді елемей, шабуылға жол берді. Осыдан кейін бұл толық шайқасқа айналады. Шабуылға ұшыраған Отман Бабаға көмекке келген абдалдар сопылардың быт-шытын шығарады, тек Баба Отманның бұйрығымен қана таяқ жеген сопылардың кетулеріне сұқсат беріледі. Бұл жолы сопылардың шағым беру органы Фатихтің өзі болады. Оқиғаға құлақ асқан Фатих шабуылды кім бастағанын сұрайды. Сопылар «Біз бастадық» дейді. Бұны естіген Фатих сопыларды қуып жібереді.

Нәтижелер

Гөччүк Абдал Велайетнамесінің соңына қарай Отман Бабаның Фатихтің сарайына шақырусыз барған сапары туралы жазады. Бұл сапар іс жүзінде абдалдардың орталық бюрократиялық жүйеден қалай орын табатынын айтады. Дәлірек айтсақ, бұдан әрі абдалдардың саяси жүйеде орны болмайтындығын түсіндіреді [4]. Отман Баба

сарайға рұқсатсыз және жалындатып кіреді. Қасындағы бірнеше абдалдармен бірге сарай есігіне келген Отман баба оларға сарайға деп жиналған отынды өртеп жіберіңіз дейді. Оттың жалыны ұйықтап жатқан Фатихтың бөлмесін жарықтандырады. Отман бабаның сарай есігіне келгенін, жиналған отынды жағып жібергенін естіген Фатих оны ішке кіргізуге бұйрық береді. Фатих оны сарайдың үшінші қақпасында қарсы алып, Отман бабаның қолынан сүйіп, жеке бөлмеге алып барады. Өзі отыратын жерге Отман бабаға отыруды ұсынады. Фатих бұрылып: «Ол Хан және оның уәзірлері жиналатын бөлмесінің ошағын алып жатқанын көрді» деді [3, 253б]. Өзілдекен Фатих сұқ саусағын аузына апарады. Отман баба Фатихке: «Бұл мүлік иесіз деп ойладың ба?» дейді. Фатих еш ойланбастан жауап береді: «Баба, неге иесіз, сіз сияқты әулие адамдар бар кезде». Осы жауапқа риза болған Отман Баба: «Қаны ағатын құрбан қайда?» - деп сұрайды. Дастархан дайындауды бұйырған Фатих әкелгендерді Отман Бабаның алдына қоюға бұйрық береді. Отман баба болса Фатихтің алдына жайдыртып, оған тамақ ішуді бұйырады. Фатих тамақ ішуге шақырғанда «сен жедің, мен де тойдым» деп жауап береді. Бұл жолы Фатих «Сіз не жейсіз?» деп сұрайды. Отман Баба өзінің қызықты жауабын береді: «Мен жан жеймін». Әрі қарай ол Мұхаммед және оның үш сарбазы және сұлтанның өзі болғанын айтады. Сарайдың кестеленген қабырғаларын тамашалағаннан кейін ол: «Осы үйдегі көгершіндер қысты ку-ку деп лезде өткізетінін білмедің бе, не үшін мұндай зәулім сарай салдырттың?» деп сұрайды. Бұл жолы Фатих: «Бабам, бұл дүниенің ақыры жаман», - дейді. Осыдан кейін, Баба өзінің ең сыни сұрағын қояды: «Мен Құдайдың құпиясын білетін және Мен құдаймын дегенімді айналасын тәуап еткен бүкіл әлем естіді және қабылдады». Отман баба Фатихке қарсы шығып, жігерің жетсе қалаға шығып, өзінді Мұхаммед деп жарияла, сонда сенің жағдайыңды көрейік, саған кім сенеді дегенге алып келеді. Осы әңгімеден кейін Отман Баба

сарайдан шығып бара жатып Стамбулдан кететінін мәлімдейді. Фатих: «мен де сіздің соңыңыздан барайын ба, Баба?» деп сұрайды [3, 254 б.]. Осы сөзі арқылы Фатих қалыптасқан, тіпті осы үшін қан төгілген саяси жүйені тастап, абдал өмірге ораламын ба деп сұрайды. Бұл бір жағынан Отман Бабаны өз-өзімен жүздесуіне итермелейді. Осымен Отман Бабаның жанталасқан күресін түсінгенін, бірақ ол кездер қазір өткенге айналғанын көрсететеді [5].

Отман Баба Фатихке былай деп жауап береді: «Енді сен қал, сонда мен саған қайтып оралуым керек, сондықтан мен саған керек боламын». Бұл жауап жаңа жүйенің кері

қайтарылмайтын деңгейге жетті деп қабылдау керек екендігін көрсетеді.

Қорытынды

Жаңа жүйемен, яғни Османлы мемлекеттік жүйесімен, бұл абдалдар мемлекет өмірінде орын ала алмайтындығын және олар қоғамның шетінде және тәртіпке қауіп төндірмей өмір сүре алатынын білдіреді. Отман Баба өзінің абдалеттерін жинап, Эдирне аймағында өмірінің соңына дейін тыныш өмір сүреді. Бұл аймақ Шығыс Балқан аймағы болып табылады, мұнда бұл интеллектуалдар өкілдік ететін түрікмен-йөрүктер тығыз қоныстанған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Halil İnalçık. Osmanlı Tarihinde İslamiyet ve Devlet / Halil İnalçık. – İstanbul: İş Bankası Yayınları, 2016. – 247 s.
- 2 Ahmet Yaşar Ocak. Zındıklar ve Mühlidler / Ahmet Yaşar Ocak. - İstanbul: Timaş Yayınları, 2016. – 536 s.
- 3 Güççük (Küçük) Abdal. Otman Baba Veliyetnamesi, yayına hazırlayanlar: Filiz Kılıç, Mustafa Arslan, Tuncay Bülbül, Ankara 2007. [Электрон.ресурc].- 2007.- URL: <http://teis.yesevi.edu.tr/madde-detay/kucuk-guccuk-abdal> (қолданған күні: 10.07.21).
- 4 Mustafa Akdağ. Türk halkının Dirlik ve Düzenlik Kavgası Celilî İsyancıları / Mustafa Akdağ. - İstanbul: Yarı Kredi Yayınları, 2007. – 512 s.
- 5 Hür Sinan Özbek. Devlet Dini /. – Ankara: Fol yayınları, 2020. – 136 s.

У. Синан

Университет Коджаэли, Измит, Турция

«Органический интеллектуал» кочевых туркмен Отман Баба

Аннотация. В статье исследуется социальная структура Османской империи на основе классификации и сравнительного анализа групп интеллектуалов в соответствии с концепцией органического интеллектуала. На основе анализа образа Отман баба выявляется интеллектуальная особенность кочевых тюрков.

При исследовании османского общества можно указать на существование трёх групп интеллектуалов, представляющих три социальных слоя. Первые из них - это интеллектуалы правящего блока. Эта группа претерпевает исторические трансформации и продолжает оставаться улемами (теологами). Эти интеллектуалы, шейхи являлись носителями суннитской исламской идеологии. Второй тип интеллигенции состоял в основном из группы ахи, представленных ремесленниками и рабочими разных отраслей. У ахи была сложная идеология, которую подчас невозможно объяснить, но можно лишь утверждать, что они были глубоко верующими-исламистами суннитского толка. Третий тип интеллектуалов - абдалы, интеллектуалы туркмен-йорюков, которые являлись основным угнетённым классом османского общества. Особенности этих групп интеллектуалов объясняются с помощью концепции органических интеллектуалов. Отман Баба - лучший пример для описания органического интеллектуала туркмен-йорюков.

К сожалению, ранее к этому приписывали шейха Бедреддина. Интеллектуалы османского правящего блока сохраняли своё влияние и в период становления Турецкой Республики. В статье они обозначены с помощью понятия «остаточные интеллектуалы».

Ключевые слова: органический интеллектуал; ахи; остаточные интеллектуалы; шейхи; улемы; туркмен-йоруки; абдалан-й-руми; футюбетская этика.

U. Sinan

Kocaeli University, Izmit, Turkey

Otman Baba as the Organic Intellectual of the Turkmen-Yoruks

Abstract. The article examines a social structure of the Ottoman Empire based on the classification and comparative analysis of groups of intellectuals in accordance with the concept of an organic intellectual. On the basis of the analysis of the image of Otman Baba, the intellectual feature of the nomadic Turks is revealed.

It necessary to note that three different intellectual groups are representing three different layers. The first of these are the intellectuals of the ruling bloc. These intellectuals go through historical transformations and continue as ulema (theologians). These intellectuals, the sheikhs, are the bearers of the Sunni Islamic ideology. The second type of intellectuals consists largely of the apostles (Ahis) that represent the craftsmen in the cities and the workers in these branches of crafts. The Ahis have an ideology that cannot be explained, with Islam only and Sunni Islam in particular. The third type of intellectuals is the abdals that are the intellectuals of the Turkmen-Yörük, who are the main oppressed class of the society. These three types of intellectuals can be explained with the concept of organic intellectuals. Otman Baba is the best example to describe the organic intellectual of Turkmen-Yoruks. Sheikh Bedreddin was unfortunately attributed to his place. Another phenomenon is the continued existence of the Ottoman sovereign to continue to block the period of the Republic of Turkey intellectuals. I define these intellectuals with the concept of “sedimentary intellectuals”.

Keywords: Organic intellectual; Akhi; Sedimentary intellectuals; Sheikhs; Ulemas; Turkmen-Yoruks; Abdalan-y-Rumi; Futyubet ethics.

References

- 1 Halil İnalçık. Osmanlı Tarihinde İslamiyet ve Devlet [Halil Inalcik. Islam and the State in Ottoman History], (İşbank Publications, İstanbul, 2016, 247 p.), [in Turkish].
- 2 Ahmet Yaşar Ocak. Zındıklar ve Mülhidler [Zindiks and Mulhids], Timaş Publications, İstanbul 2016, 536 p.), [in Turkish].
- 3 Güççük (Küçük) Abdal. Otman Baba Veliyetnamesi [Otman Baba Velayetname], - Ankara, 2007. Available at: <http://teis.yesevi.edu.tr/madde-detay/kucuk-guccuk-abdal> [in Turkish], (accessed 10.07.21).
- 4 Mustafa Akdağ. Türk halkının Dirlik ve Düzenlik Kavgası Celîî İsyânları [The Turkish People's Struggle for Dirty and Regularity Celali Revolts], (Yapı Kredi Yayınları, İstanbul, 2007, 512 p.), [in Turkish].
- 5 Hür Sinan Özbek. Devlet Dini [State Religion], (Fol yayınları, Ankara, 2020,136 p.), [in Turkish].

Автор туралы мәлімет:

Синан Өзбек – философия ғылымдарының докторы, Коджаэли университетінің профессоры, Измит, Түркия.

Sinan Uzbek - Ph.D. in Philosophy, Professor at Kocaeli University, Izmit, Turkey.